

**"Карантиндік объектілер, бөтен текті түрлер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1295 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 782 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Карантиндік объектілер, бөтен текті түрлер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1295 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 44, 440-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*